



«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

**Қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілік
(аудит жүргізілмеген)**

2021 жылғы 30 маусым

Мазмұны

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ШОЛУ ТЕКСЕРУ БОЙЫНША ЕСЕП

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қаржылық жағдай туралы қысқартылған аралық жеке есеп.....	1
Пайда немесе шығын және жиынтық табыс туралы қысқартылған аралық жеке есеп.....	2
Капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған аралық жеке есеп.....	3
Ақша қаражатының қозғалысы туралы қысқартылған жеке аралық есеп.....	4

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

1	Компания және оның операциялық қызметі.....	5
2	Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері.....	6
3	Есептік саясатты қолданудағы маңызды есептік бағалау мен кәсіби пайымдар.....	6
4	Байланысты тараптармен жүргізілген есеп айырысулар мен операциялар.....	8
5	Еншілес компаниялар мен бірлесіп бақыланатын және қауымдастырылған кәсіпорындарға салынған инвестициялар.....	10
6	Берілген қарыздар.....	11
7	Өзге ұзақ мерзімді активтер.....	11
8	Басқа қысқа мерзімді активтер.....	12
9	Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері.....	12
10	Акционерлік капитал.....	12
11	Қарыздар.....	13
12	Дивидендтер бойынша кірістер.....	13
13	Жалпы және әкімшілік шығыстар.....	13
14	Қаржылық кіріс.....	14
15	Қаржылық шығыстар.....	14
16	Табыс салығы.....	14
17	Шартты және шарттық міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер.....	14
18	Қаржы құралдарының әділ құны.....	16
19	Есепті күннен кейінгі оқиғалар.....	17
20	Бір акцияның баланстық құны.....	17



Қысқартылған аралық жеке қаржылық есептілікті шолу тексеру бойынша есеп

«САМРҰҚ-ЭНЕРГО» АҚ Акционерлеріне және Директорлар Кеңесіне

Кіріспе

Біз «САМРҰҚ-ЭНЕРГО» (бұдан әрі – «Компания») АҚ 2021 жылғы 30 маусымдағы қаржылық жағдайы туралы қысқартылған аралық жеке есептемеге, жәнеде жоғарыда көрсетілген күнмен аяқталған үш және алты ай аралығына тиісті қысқартылған аралық жеке пайда немесе шығын және жиынтық табыс туралы есепке, жоғарыда көрсетілген күнмен аяқталған алты ай аралығына тиісті капиталдағы өзгерістер туралы есепке және ақша қаражаттарының қозғалысы жөнінде есепке, сондай-ақ түсіндірме ақпараты бар ескертпелерден тұратын қысқартылған аралық жеке есептілігіне шолу тексеру жүргіздік. Басшылық осы қысқартылған аралық жеке есептілікті «Аралық қаржылық есептілігі» атты 34 Халықаралық Қаржылық Есептіліктің Стандартына (IAS) сәйкес дайындалуына және дұрыс ұсынылуына жауапты. Біздің жауапкершілігіміз біздің жүргізген шолу тексеру негізінде осы қысқартылған аралық жеке есептілік туралы пікірімізді білдіруден тұрады.

Шолу тексеруінің көлемі

Біз шолу тексеруді 2410 «Компанияның тәуелсіз аудитор жүргізетін аралық қаржылық ақпаратының шолу тексеруі» Халықаралық шолу тексерулер стандартына сәйкес жүргіздік. Аралық қаржылық ақпаратының шолу тексеруі сауалнама алудан, ең алдымен, қаржылық және бухгалтерлік сұрақтарына жауапты адамдардан, жәнеде сараптамалық және басқа да рәсімдерді қолданудан тұрады. Шолу тексеруінің көлемі Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиторлық тексеруден елеулі аз, сондықтан шолу тексеру бізге аудит кезінде айқындалатын барлық маңызды аспектілер белгілі болғанына сенімділік алуға жағдай туғызбайды. Сондықтан, біз аудиторлық пікір білдірмейміз.

Қорытынды

Біздің жүргізген шолу тексеру нәтижесінде, осы қысқартылған аралық жеке қаржылық есептіліктің, барлық елеулі аспектітерінде, «Аралық қаржылық есептілігі» атты 34 Халықаралық Қаржылық Есептіліктің Стандартына (IAS) сәйкес дұрыс ұсынылмағанын көрсететін ештеңе біздің назарымызды аудартады.

PricewaterhouseCoopers LLP

2021 жылғы 6 тамыз
Алматы, Қазақстан

«САМУҒЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Пайда немесе шығын және өзге де жиынтық кіріс туралы жеке есеп

Қазақстан теңгесімен, мың	Ескерту	30 маусым 2021 ж. (аудит жүргізілмеген)	31 желтоқсан 2020 ж.
АКТИВТЕР			
Ұзақмерзімді активтер			
Негізгі құралдар		283,971	311,258
Материалдық емес активтер		571,506	636,073
Пайдалану құқығы нысанындағы актив		1,250,019	1,397,421
Еншілес компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	5	546,798,958	548,148,318
Берілген заемдар	6	39,164,368	39,172,956
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	7	690,793	2,236,269
Барлық ұзақ мерзімді активтер		588,759,615	591,902,295
Қысқа мерзімді активтер			
Тауар-материалдық қорлар		68,893	46,544
Берілген заемдар	6	10,896,903	18,993,146
Өзге де қысқа мерзімді активтер	8	22,292,796	8,756,460
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	9	1,170,489	1,595,249
Барлық қысқа мерзімді активтер		34,429,081	29,391,399
БАРЛЫҚ АКТИВТЕР		623,188,696	621,293,694
КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	10	376,045,927	376,045,927
Өзге де капитал резерві		89,328,998	89,328,998
Жабылмаған шығын		(26,481,133)	(45,082,442)
БАРЛЫҚ КАПИТАЛ		438,893,792	420,292,483
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Заемдар	11	146,758,710	150,421,544
Жалдау бойынша міндеттемелер		943,484	1,056,677
Ұзақ мерзімді қаржылық кепілдік	17	1,220,502	1,304,607
Барлық ұзақ мерзімді міндеттемелер		148,922,696	152,782,828
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Заемдар	11	33,935,276	45,993,024
Жалдау бойынша міндеттемелер		427,452	417,342
Өзге кредиторлық берешек және есептелген міндеттемелер		963,070	1,718,188
Төлеуге жататын өзге салықтар		46,410	89,829
Барлық қысқа мерзімді міндеттемелер		35,372,208	48,218,383
БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР		184,294,904	201,001,211
БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ		623,188,696	621,293,694
Бір жай акцияның баланстық құны	20	78,247	74,914

Басшылық атынан 2021 жылғы 06 тамызда қол қойылған.

Әкімбаева Айгүл Еркебайқызы
 Экономика және қаржы жөніндегі тең
 басқарушы директор



Төлекова Сәуле Бекзадақызы
 «Қаржы және Салық есебі»
 департаментінің директоры –
 Бас бухгалтер

Қазақстандық мың теңгемен	Ескертпе	2021 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай (аудит жүргізілмеген)	2020 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай (аудит жүргізілмеген)	2021 ж. 30 маусымда аяқталған 3 ай (аудит жүргізілмеген)	2020 ж. 30 маусымда аяқталған 3 ай (аудит жүргізілмеген)
Дивидендтер бойынша табыстар	12	32,664,854	32,087,553	30,745,945	1,459,842
Өзге операциялық табыстар және шығыстар (нетто)	5	4,049	(3,149,579)	9,436	(3,147,930)
Жалпы және өкімшілік шығыстар	13	(2,698,187)	(2,431,838)	(1,375,241)	(1,128,312)
Негізгі қызмет бойынша пайда/(залал)		29,970,716	26,506,136	29,380,140	(2,816,400)
Қаржылық активтерді қалпына келтіру/(құнсыздандыру) (нетто)		(590,835)	49,652	(666,159)	64,895
Қаржылық табыстар	14	4,277,866	4,064,490	1,791,092	2,111,035
Қаржылық шығыстар	15	(11,478,374)	(11,946,845)	(5,631,327)	(5,966,976)
Салық салғанға дейінгі пайда/(залал)		22,179,373	18,673,433	24,873,746	(6,607,446)
Табыс салығы бойынша шығыстар	16	(335,921)	(34,105)	(69,493)	(21,944)
Кезең ішіндегі пайда/(залал)		21,843,452	18,639,328	24,804,253	(6,629,390)
Кезең ішіндегі барлық жиынтық пайда/(залал)		21,843,452	18,639,328	24,804,253	(6,629,390)

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған жеке аралық есеп

Қазақстандық мың теңгемен	Ескертпе	Акционерлік капитал	Резервтегі өзге капитал	Өтелмеген залал	Барлық капитал
2020 ж. 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық		373,314,888	91,643,030	(54,741,536)	410,216,382
Кезең ішіндегі пайда (аудит жүргізілмеген)		-	-	18,639,328	18,639,328
Кезең ішіндегі барлық жиынтық табыс (аудит жүргізілмеген)		-	-	18,639,328	18,639,328
Капиталға салынған жарна		2,731,039	(1,500,000)	-	1,231,039
Жарияланған дивидендтер		-	-	(3,066,231)	(3,066,231)
2020 ж.30 маусымдағы жағдай бойынша қалдық		376,045,927	90,143,030	(39,168,439)	427,020,518
2021 ж. 1 қаңтардағы қалдық		376,045,927	89,328,998	(45,082,442)	420,292,483
Бір жылғы пайда (аудит жүргізілмеген)		-	-	21,843,452	21,843,452
Кезең ішіндегі барлық жиынтық табыс		-	-	21,843,452	21,843,452
Жарияланған дивидендтер	11	-	-	(3,242,143)	(3,242,143)
2021 ж. 30 маусымындағы жағдай бойынша қалдық (аудит жүргізілмеген)		376,045,927	89,328,998	(26,481,133)	438,893,792

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Ақша қаражатының қозғалысы туралы қысқартылған аралық жеке есеп

Қазақстандық мың теңгемен		2021 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай Ескертпе (аудит жүргізілмеген)	2020 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай (аудит жүргізілмеген)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:			
Салық салғанға дейінгі пайда		22,179,373	18,673,433
Мыналар бойынша түзетулер:			
Дивидендтер бойынша табыс	13	(32,664,854)	(32,087,553)
Тозу және амортизация		259,897	252,912
Қаржылық шығыстар	15	11,478,374	11,946,845
Қаржылық табыстар	14	(4,277,866)	(4,064,490)
Бағам айырмасынан болған залал		8,066	2,326
Активтердің құнсыздануы бойынша шығыстар (нетто)		590,835	3,096,348
Айналым капиталындағы өзгерістерге дейін операциялық қызметте пайдаланылған ақша қаражаты:		(2,426,175)	(2,180,179)
Тауар-материалдық қордың азаюы ((ұлғаюы)		(22,349)	1,305
Дебиторлық берешек пен өзге қысқа мерзімді активтердің азаюы		284,098	34,618
Өзге кредиторлық берешектің азаюы		(754,512)	(193,895)
Өзге салықтар бойынша берешектің азаюы		(16,080)	(63,155)
Операциялық қызметте пайдаланылған ақша қаражаты		(2,935,018)	(2,401,306)
Төленген табыс салығы		(345,932)	(68,872)
Алынған дивидендтер		18,753,595	13,827,832
Төленген пайыздар		(6,845,763)	(6,758,988)
Операциялық қызметтен алынған таза ақша қаражаты		8,626,882	4,598,666
Инвестициялық қызмет бойынша ақша қаражатының қозғалысы			
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу		(30,640)	(193,979)
Еншілес компанияларға берілген қарыздар мен қаржылық көмек	6	(2,700,000)	(4,601,000)
Еншілес компаниялардың капиталына салынған салым		(767,149)	(2,121,422)
Банктік салымдарды алу, нетто		(500)	-
Алынған пайыздар		2,428,616	2,967,267
Еншілес компанияларға берілген қаржылық көмекті өтеуден түсетін түсім	6	10,705,746	9,182,537
Қаржылық құралдарды өтеуден түскен түсімдер	6	101,433	24,590
«Тауба Invest» ЖШС дебиторлық берешегін өтеу	8	-	193,601
Қаржылық құралдарды сатудан түскен түсімдер	6	192,300	192,300
«БЖЭС» ЖШС-ға қаржылық көпiлдiк ретiнде берiлген берешектi өтеу	7	2,170,417	-
Инвестициялық қызметтен түскен таза ақша қаражаты		12,100,223	5,643,894
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:			
Қарыздар бойынша түсімдер	11	67,660,000	16,710,342
Қарыздарды өтеу	11	(82,872,058)	(23,781,118)
Самұрық-Қазына қарыздарын өтеу	11	(2,586,856)	(2,381,109)
Жалдау бойынша негізгі қарызды өтеу		(103,083)	(135,502)
Акционерге төленген дивидендтер	10	(3,242,143)	-
Өзге төлемдер		-	(30,557)
Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты		(21,144,140)	(9,617,944)
Валюта айырбас бағамы өзгеруінің ақша қаражатына және олардың эквиваленттеріне әсері		(7,848)	3,450
Құнсызданған байланысты резервтердегі өзгеріс		123	(131)
Ақша қаражатының және оның эквиваленттерінің таза көбеюі/ (азаюы)		(424,760)	627,935
Жыл басындағы ақша қаражаты және олардың эквиваленттері	9	1,595,249	1,298,005
Есепті кезең соңындағы ақша қаражаты және оның эквиваленттері		1,170,489	1,925,940

Қоса берілген ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

1 Компания және оның операциялық қызметі

«Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі – «Компания») 2007 жылы 18 сәуірде құрылып, 2007 жылы 10 мамырда тіркелген. Компания Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес акционерлік қоғам нысанында құрылған.

Компанияның жалғыз акционері «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына») болып табылады, оған Компания акцияларының 100%-ы тиесілі. Қазақстан Республикасының Үкіметі - Компанияның түпкі бақылаушы иесі.

Негізгі қызмет

Компания қызметінің негізгі түрлері көмір, көмірсутек, су ресурстары және жаңартылатын энергия көздері (бұдан әрі - ЖЭК) негізінде электр және жылу энергиясын, ыстық суды өндіруді, оларды халыққа, өнеркәсіптік кәсіпорындарға сату, электр энергиясын тасымалдау, желідегі электрді техникалық бөлу, сондай-ақ су электр станцияларының мүлктік кешендерін жалға алу болып табылатын бірқатар компанияларды біріктіретін (5-ескертпе) холдингтік компания болып табылады.

Компанияның қызметін жүзеге асыратын мекенжайы мен орны: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай батыр даңғылы, 15А.

Операциялық орта

Қазақстан Республикасының экономикасы дамып келе жатқан нарықтың кейбір ерекшеліктерін көрсетуді жалғастыруда. Әсіресе, ол ел экспортының негізгі бөлігін құрайтын мұнай мен газ және басқа минералды шикізат бағаларының құбылыстарына айрықша сезімтал. Бұл ерекшеліктерге сонымен қатар елден тыс еркін айырбасталмайтын ұлттық валютаның болуы, бірақ олармен шектелмейді және бағалы қағаздар нарығындағы өтімділіктің төмен деңгейі жатады.

Валюта бағамының құбылмалылығы Қазақстан Республикасының экономикасына, оның ішінде өтімділіктің төмендеуіне және халықаралық қаржыландыруды тарту қиындықтарының туындауына кері әсерін тигізіп келеді және одан әрі тигізе беруі мүмкін. 2021 жылғы 30 Маусымда шетел валютасындағы қалдықтарды қайта есептеу үшін пайдаланылатын ресми айырбастау бағамы 1 АҚШ доллары үшін 427.89 теңгені құрады (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 1 АҚШ доллары үшін 420.91 теңге).

Басшылық ағымдағы жағдайда Топ қызметінің тұрақтылығы мен табысының өсуін қолдау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайтынына сенімді. Болашақтағы экономикалық жағдай мен нормативтік-құқықтық орта басшылықтың қазіргі болжам-үміттерінен өзгеше болуы мүмкін.

COVID -19 коронавирустық инфекциясы

«Самұрық-Энерго» АҚ тарапынан Топ ұжымы қызметкерлерінің арасында коронавирустық инфекцияның таралуын болдырмауға бағытталған барлық қажетті шаралар жүргізілуде. Солардың қатарында төмендегідей шаралар қабылданды:

- Топ кәсіпорындарында күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық режимді сақтау.
- коронавирустық инфекцияға қарсы вакцинациялау қажеттілігіне қатысты коммуникациялық шаралар ұйымдастырылды.

Жүргізілген жұмыс қызметтің үздіксіз көрсетілуін қамтамасыз етіп, өндірістік қуатты сақтауға мүмкіндік берді. Осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің шығарылу датасында COVID-19-ға байланысты жағдай әлі де жалғасуда, дегенмен бүгінгі күні Топтың кірісі мен жеткізіліміне айтарлықтай әсер еткен жоқ. Топ есепті кезеңде өз міндеттемелерін орындады.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері

Қаржылық есептілікті әзірлеу негіздері

Осы қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілік 2021 жылғы 30 Маусымда аяқталған алты айға ХҚЕС 34 "Аралық қаржылық есептілік" стандартына сәйкес әзірленді.

Бұл қысқартылған аралық жеке қаржылық есептілік аудиттелмеген және жылдық қаржылық есептілікте ашылуы тиіс барлық ақпаратты қамти алмайды. Компания Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалған 2020 жылға арналған аудиттелген жылдық жеке қаржылық есептілікте қамтылған ақпаратты (есепке алу саясатының қағидаттары және сомалары немесе құрамы бойынша елеулі өзгерістерге ұшырамаған баптар туралы егжей-тегжейлі мәліметтер сияқты) елеулі түрде қайталайтын ақпаратты қамтымады.

Басшылық осы қысқартылған аралық жеке қаржылық есептілікте қамтылған ашылған ақпарат ұсынылған есептің 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша әзірленген есептілікпен бірге қаралған жағдайда жеткілікті ақпарат береді деп пайымдайды. Басшылықтың пікірінше, осы қысқартылған аралық жеке қаржылық есептілікке қаржылық жағдайды, қызмет нәтижелерін, капиталдағы өзгерістер туралы есептерді және компанияның аралық есепті кезеңдегі ақша қаражатының қозғалысын дұрыс ұсыну үшін қажетті барлық түзетулер енгізілген.

Басшылық қызметін үздіксіздігі қағидаты негізінде осы қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілікті дайындады. Басшылықтың шешімі компанияның қаржылық жағдайына, оның ағымдағы ниеттеріне, операциялардың табыстылығына және қаржы ресурстарына қол жеткізуге және Үкімет қолдауына негізделеді.

Осы қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілікке активтер мен міндеттемелердің, кірістер мен шығыстардың баланстық құнын қандай да бір түзету, сондай-ақ операциялық қызметті жалғастыру мүмкін болмаған жағдайда қажет болатын қаржылық жағдай туралы қысқартылған жеке аралық есептің сыныптамасы кірмейді, мұндай түзетулер елеулі болуы мүмкін.

3 Есептік саясатты қолданудағы маңызды есептік бағалау мен кәсіби пайымдар

Қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілікті дайындау кезінде Компания қолданылатын есеп саясатына және есептілікте көрсетілетін активтер мен міндеттемелерге, табыстар мен шығыстарға әсер ететін бағалауды пайдаланады және болжамдар жасайды. Нақты нәтижелер осы бағалардан өзгеше болуы мүмкін.

Қолданылған негізгі есептік бағалар мен кәсіби пайымдаулар 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жылдық жеке қаржылық есептілікті дайындау барысында қолданылған есептік бағалаулар мен кәсіби пайымдауларға сәйкес келеді.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Әрбір есепті кезеңнің соңында басшылық жеке активтердің немесе активтер тобының құнсыздану белгілерінің бар-жоғын және гудвилден басқа активтер немесе активтер топтары үшін алдыңғы кезеңдерде танылған құнсызданудан шеккен залалдың жоқтығын немесе төмендегенін бағалайды. Егер осындай белгілер болса, басшылық активтің өтелетін құнын бағалайды, ол сатуға шыққан шығын мен оның пайдалану құндылығын шегергендегі оның әділ құны шамасының неғұрлым жоғарғысы ретінде анықталады. Пайдалану құндылығын есептеу басшылықтың қалыптасқан жағдайларда негізді болып саналатын бағалау деректері мен кәсіби пайымдауларды қолдануын талап етеді.

Қаржылық емес активтердің құнсыздану белгілерінің бар-жоғын анықтау сонымен қатар негізгі құралдар объектілерінің мүмкін болатын технологиялық ескіруін, қызметті тоқтатуды, олардың пайдалы қызметінің қалған мерзімдерін және пайдалану жағдайындағы басқа да өзгерістерді анықтауда пайымдау мен бағалауды қолдануды қажет етеді.

ХҚЕС (IAS) 36-ға сәйкес құнсыздану белгілерінің бірі кезең ішінде пайда болған немесе жақын болашақта Топ жұмыс істейтін технологиялық, нарықтық, экономикалық немесе құқықтық ортада немесе актив жұмыс істейтін нарықта Компанияға жағымсыз әсер еткен маңызды өзгерістердің болуы болып табылады.

Активтердің өтелетін құнын бағалау кезінде Компания бағалауды қолданады және пайымдайды. Бағалар мен пайымдаулар үнемі сыни тұрғыдан қарастырылып отырады және басшылықтың өткен тәжірибесі мен басқа факторларға, соның ішінде қалыптасқан жағдайларда негізді болып табылатын болашақ оқиғаларға қатысты болжамдарға негізделген. Басшылық сонымен қатар есеп саясатын қолдану процесінде бағалауды қажет ететіндерден басқа кейбір пайымдауларды қолданады.

3 Есептік саясатты қолданудағы маңызды есептік бағалау мен кәсіби пайымдар (жалғасы)

COVID-19 таралуы мен әсерін тежеуге бағытталған шаралар Қазақстандағы экономикалық белсенділікті айтарлықтай шектейді және теріс әсер етеді, белгісіз уақыт аралығында Компанияның бизнесі мен клиенттеріне, сондай-ақ Қазақстан мен әлемдік экономикаға кері әсерін тигізе беруі мүмкін. Тиісінше, олар болашақ ақша ағындарын азайтуға немесе операциялық және басқа шығыстарды ұлғайтуға, сондай-ақ экономикаға қолдау көрсету үшін Үкіметтің электр энергиясына қойылатын тарифтерді реттеуіне әсер етуі мүмкін.

2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топ басшылығы «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС (бұдан әрі «ЕГРЭС-1»), «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ (бұдан әрі «АЖК»), «Алматы Электр Станциялары» АҚ (бұдан әрі «АлЭС»), «Тегіс Мұнай» ЖШС (бұдан әрі – «ТМ») еншілес компанияларының және «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ (бұдан әрі «СЭГРЭС-2») бірлескен кәсіпорнының негізгі құралдарының құнсыздану белгілеріне талдау жүргізілді, талдау ХҚЕС (IAS) 36 «Активтердің құнсыздануына» сай жүргізілді.

Құнсыздану белгілерін талдау кезінде төмендегідей негізгі фактілер мен жорамалдар пайдаланылды:

- еншілес компаниялардың есепті кезеңдегі экономикалық тиімділігінде теріс өзгерістердің болмауы;
- несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелердегі және ұзақ мерзімді инфляция мөлшерлемесіндегі өзгерістер елеусіз;
- еншілес компаниялар үшін белгіленген кезең ішінде болған немесе жақын болашақта орын алуы мүмкін жағымсыз салдары бар елеулі өзгерістердің болмауы;
- Қазақстан Республикасының солтүстік және оңтүстік аймағында электр энергиясына сұраныстың орта мерзімді келешекте болжамдық өсуі;
- ҚР Энергетика министрінің 2021 жылғы 30 наурыздағы №108 бұйрығына сәйкес 2021 жылғы 1 сәуірден бастап Топтың барлық энергия өндіруші ұйымдары үшін (бұдан әрі – «ЭӨҰ») пайда нормасын айқындау әдістемесі шеңберінде рентабельділік нормасын ескере отырып, барлық ЭӨҰ үшін электр энергиясына шекті тарифтерді ұлғайту;
- Электр энергетикасы саласына қатысты заңнамадағы оң өзгерістер 2021 жылғы 1 шілдеден бастап енгізілетін жаңартылатын энергия көздерін (бұдан әрі - "ЖЭК") пайдалануды қолдауға арналған "толассыз" үстемеақы тетігін іске асыру арқылы ЖЭК электр энергиясын сатып алу бойынша ЭӨҰ шығыстарын жабуды қамтамасыз етеді;
- Халықаралық талдау агенттіктерінің деректеріне сәйкес Brent маркалы мұнайдың бес жылдық кезеңге арналған бағасының оң болжамы.

Құнсызданудың сыртқы және ішкі белгілеріне жүргізілген талдау нәтижесінде Топ басшылығы талдау жүргізу күніне құнсыздану белгілері жоқ деген қорытындыға келді. Тиісінше, Компания басшылығы 2021 жылғы 31 мамырдағы жағдай бойынша қаржылық емес активтердің құнсыздануына тест жүргізбеуге шешім қабылдады. 2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша басшылық тест нәтижелеріне теріс әсер еткен оқиғалар болған жоқ деп санайды.

Алматы ЖЭО-2-ні қоршаған ортаға әсерін барынша азайта отырып жаңғырту

ҚР Президентінің атмосфераға шығарындыларды азайту үшін шаралар қабылдау туралы тапсырмасын орындау мақсатында топ жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін (бұдан әрі - "ТЭН") әзірлейді. Жобаның бірінші кезеңінде қоршаған ортаға әсерді барынша азайта отырып, ЖЭО-2-ні жаңғыртудың төрт нұсқасы қаралды: қолданыстағы қазандықтарды газ жағуға көшіру, қолданыстағы қазандықтарды газ тазалау жабдығын орнату арқылы реконструкциялау, ЖЭО-2-ні бу-газ қондырғыларын салуға және табиғи газға көшпек ақ қосымша газ тазалау жабдығын орнату арқылы кеңейту және газбен жаңа станция салу.

2020 жылы сату құны мен қоршаған ортаға зиянды заттардың шығарылуын салыстыру нәтижесінде қолданыстағы қазандықтарды газ жағуға ауыстыра отырып, қайта құрудың бірінші нұсқасы таңдалды. 2021 жылы осы нұсқа бойынша "Мемсараптама" РМК-ның теріс қорытындысы алынды.

2021 жылғы 31 мамырда Премьер-Министр А.Ұ. Мамин бастаған ҚР Үкіметі Алматы 2 – ЖЭО алаңында қуаты 600 МВт бу-газ қондырғысын (бұдан әрі-ПМУ) салу жөніндегі ұсынысты мақұлдады. Кешенді ведомстводан тыс сараптама бойынша қорытынды ала отырып, жобаның ТЭН-ін түзету мерзімі 2021 жылдың соңына дейін белгіленіп отыр.

Премьер-Министр сондай-ақ "Самұрық-Энерго" АҚ-ға ҚР Энергетика министрлігімен бірлесіп, белгіленген тәртіппен Алматы ЖЭО-2 алаңында газ пайдаланылатын ПМУ салу жобасын қаржыландыру үшін банктік қарыз тарту, оның ішінде газ инфрақұрылымын жүргізу бойынша жұмысты жалғастыруды тапсырды.

3 Есептік саясатты қолданудағы маңызды есептік бағалау мен кәсіби пайымдар (жалғасы)

Премьер-Министр Энергетика министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен, «Самұрық-Қазына» ҰАҚ» АҚ-мен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен «Электр энергетикасы туралы» ҚР Заңына электр қуаты нарығының тетігі арқылы экологиялық жағдайды шешуге бағытталған қолданыстағы энергия өндіруші ұйымдарға жобаларды іске асыру мүмкіндігін беру бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі мәселені пысықтауды тапсырды. «Электр энергетикасы туралы» ҚР Заңына енгізілетін Түзетулер жобасы Үкіметпен келісу қорытындысы бойынша ҚР Парламентінің Мәжілісіне 2021 жылғы қыркүйекте қаралу үшін ұсынылатын болады. Заңнамаға енгізілетін өзгерістер Топқа қарыз қаражатын қайтаруды және электр қуаты нарығының тетігі есебінен болашақта инвестицияның өтелуін қамтамасыз ететін болады.

Жоғарыда баяндалғанды негізге ала отырып, қазіргі уақытта жобаны іске асырудың егжей-тегжейлі жоспары жасалмады, сондай-ақ мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы бар ТЭН-нің болмауына байланысты қаржыландыру көздері мен заңнамалық базаны өзгерту де айқындалмай отыр.

Сондай-ақ, ПМУ салынған жағдайда ЖЭО-2 негізгі құралдарының 50 пайыздан астамы пайдаланыста қалады, ал қалған негізгі құралдар, мысалы, қазандықтың, турбиналық және отын-көлік цехының технологиялық жабдықтары газбен жабдықтауда бөгіліс болған немесе ұзақ жөндеу салдарынан ПМУ жұмысын тоқтатқан жағдайда резервте болады. ЖЭО-2 қолданыстағы активтерін жұмыс жағдайында ұстау шығыстары ағымдағы шығыстарға жатқызылады және электр энергиясына жұмсалатын тариф есебінен өтелетін болады.

2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша ЖЭО-2 теңгерімдік құны шамамен 50 миллиард теңгені құрайды.

Талдау нәтижесінде Топ басшылығы талдау жүргізілген күні негізгі құралдардың құнсыздану белгілері жоқ деген қорытындыға келді.

Балқаш ЖЭС

2019 жылғы 29 қазанда Компания Samsung C&T-ден 50%+1 БТЭС акциясын сатып алып, БТЭС-тегі 100% үлестің иесі болды. Сатып алу кезінде БТЭС банкроттықтың алдында болды, сондай-ақ іс жүзінде маңызды қызметті жүзеге асырмады. 2017 жылдан бастап кредиторлар мен өнім берушілер БТЭС-тің төлем қабілетсіздігіне байланысты бірнеше рет сотқа жүгінді, бұл өз кезегінде мүлікке тыйым салуға әкелді, сонымен қатар БТЭС қызметін айтарлықтай шектеді. 6 жылғы 2019 желтоқсанда сот шешімімен банкроттық процесін бақылау және жүргізу үшін уақытша басқарушы тағайындалды.

Карантиндік шаралар мен ұлттық экономиканы қолдау үшін Мемлекет қабылдаған шаралардың енгізілуіне байланысты "Банкроттық рәсімін қозғауды тоқтата тұру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 14 шілдедегі № 443 қаулысымен заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерді банкрот деп тану туралы өтініштерді мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері атынан кредиторлардың сотқа беруін 2020 жылғы 1 қазанға дейін тоқтата тұру қаулы етілді, осыған байланысты БТЭС-тің банкроттық рәсімі уақытша тоқтатылды. 2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша кредиторлардың кассациялық шағымдануға құқықтарының болуына байланысты БТЭС-ті тану бойынша сот талқылаулары әлі толық көлемде шешілген жоқ, осылайша, басшылықтың пікірінше, Компанияның бақылауы жоқ және БТЭС-ке инвестициялар толығымен құнсызданған.

4 Байланысты тараптармен жүргізілген есеп айырысулар мен операциялар

Байланысты тараптарды анықтау ХҚЕС 24 «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашып көрсету» бабында көрсетіледі. Байланысты тараптар деп әдетте, егер олардың біреуінде екіншісін бақылай алатын мүмкіндік болса, жалпы бақылауда болатын немесе елеулі әсер ете алатын немесе екінші тараптың қаржылық және операциялық шешімдеріне бірге бақылау жасайтын тараптар есептеледі. Тараптар байланысты болып табыла ма, жоқ па, деген сұрақтарды шешуде тараптардың заңды түрі ғана емес, олардың өзара қарама-қатынас сипаттары да ескеріледі. Бас компания және Компанияның бақылаушы жағы 1-ескертпеде егжей-тегжейлі жазылған.

Байланысты Тараптар Самұрық-Қазына бақылауындағы компанияларды қамтиды. Мемлекеттік компаниялармен жүргізілген операциялар барлық қоғамдық және жеке компанияларға дәйекті қолданылатын шарттарға сәйкес әдеттегі қызмет барысында жүзеге асырылса, яғни: i) олар жекелей алғанда маңызды болып табылмаса; ii) егер компанияның қызметтері барлық тұтынушыларға қолжетімді стандартты шарттарда ұсынылса немесе iii) электр энергиясын беру жөніндегі қызметтер, телекоммуникациялық қызметтер және т. б. сияқты қызметтерді жеткізушіні таңдау болмаған кезде жария етілмейді.

Компания сатып алуды және тауарларды жеткізуді мемлекет қатысатын көптеген ұйымдарға қатысты жүзеге асырады.

Мұндай сатып алулар мен жеткізілімдер жеке-жеке алғанда болмашы соманы құрайды және әдетте коммерциялық негізде жүзеге асырылады.

4 Байланысты тараптармен жүргізілген есеп айырысулар мен операциялар (жалғасы)

Төменде 2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша, байланысты тараптармен жүргізілген операцияларға қатысты жабылмаған қалдықтар көрсетілген:

Қазақстандық мың теңгемен	Акционер	Жалпы бақылаудағы компаниялар	Еншілес және бірлескен кәсіпорындар
Еншілес компанияларға берілген қарыздар	-	-	48,447,316
Ұсынылған қарыздар бойынша алынған сыйақылар	-	-	219,282
Алынатын дивидендер	-	-	13,910,810
Кредиторлық берешек	-	9,701	370,466
Қарыздар және облигациялар	68,169,313	-	24,176,120

Төменде 2020 жылғы 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша байланысты тараптармен жүргізілген операциялар бойынша жабылмаған қалдықтар көрсетілген:

Қазақстандық мың теңгемен	Акционер	Жалпы бақылаудағы компаниялар	Еншілес және бірлескен кәсіпорындар
Еншілес компанияларға берілген қарыз	-	-	56,246,478
Дебиторлық берешек	-	-	1,542,542
Ұсынылған қарыздар бойынша алынған сыйақылар	-	-	405,887
Алынатын дивидендер	-	-	449
Кредиторлық берешек	-	7,372	297,753
Қарыздар және облигациялар	67,887,857	-	38,411,690

Төменде 2021 жылғы 30 маусымындағы аяқталған 6 ай үшін байланысты тараптармен жүргізілген операциялар бойынша табыстар мен шығыстар баптары көрсетілген:

Қазақстандық мың теңгемен	Акционер	Жалпы бақылаудағы компаниялар	Еншілес және бірлескен кәсіпорындар
Дивидендтер бойынша табыстар	-	-	32,664,854
Қаржылық табыстар	-	-	3,692,000
Қаржылық шығыстар	3,591,066	-	1,849,428
Құнсыздану бойынша шығыстар, (нетто)	-	-	(3,524)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	-	42,633	372,879
Баға айырмасы - нетто бойынша шығыстар	-	-	(442)

Байланысты тараптармен жүргізілген есеп айырысулар мен операциялар (жалғасы)

Төменде 2020 жылдың 30 маусымындағы аяқталған алты ай үшін байланысты тараптармен жүргізілген операциялар бойынша табыстар мен шығыстар баптары көрсетілген:

Қазақстандық мың теңгемен	Акционер	Жалпы бақылаудағы компаниялар	Еншілес және бірлескен кәсіпорындар
Дивидендтер бойынша табыстар	-	-	32,087,553
Қаржылық табыстар	-	-	3,292,034
Қаржылық шығыстар	(3,355,948)	-	(2,432,030)
Құнсыздану бойынша шығыстар, (нетто)	-	-	(3,156,067)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	-	16,690	(389,397)
Баға айырмасы - нетто бойынша шығыстар	-	-	(2,181)

Компания сондай-ақ 17-ескертпеде көрсетілгендей еншілес кәсіпорындарға кепілдіктер берді.

Негізгі басшы персоналдың 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған 6 айдағы сыйақысы, оның ішінде қызметкерлердің жалақысы, сыйлықақылар, салықтар және өзге де қысқа мерзімді сыйақылар 259,729 мың теңгені құрайды (2020 жылғы 30 маусымда аяқталған кезең үшін: 64,716 мың теңге). Негізгі басқарушы персонал 2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 4 адамнан тұрады (2020 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша: 5 адам)

5 Еншілес компаниялар мен бірлесіп бақыланатын және қауымдастырылған кәсіпорындарға салынған инвестициялар

Төменде 2021 жылдың 30 маусымдағы жағдай бойынша инвестиция құны туралы ақпарат көрсетілген:

			30 маусым 2021ж.		31 желтоқсан 2020 ж.	
	Сатып алынған күні	Тіркелген ел	Инвестициялар құны (мың теңгемен)	Иелік ету үлесі	Инвестициялар құны (мың теңгемен)	Иелік ету үлесі
Еншілес ұйымдар						
«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	31.10.2012	Қазақстан	331,003,747	100%	333,382,126	100%
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	29.07.2009	Қазақстан	62,914,945	100%	62,914,945	100%
«Алматы электр станциялары» АҚ	26.07.2011	Қазақстан	34,061,653	100%	34,061,653	100%
«Мойнақ СЭС» АҚ	04.01.2008	Қазақстан	21,864,616	100%	21,864,616	100%
«Тегіс Мұнай» ЖШС	29.12.2012	Қазақстан	17,475,159	100%	17,373,473	100%
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	28.05.2016	Қазақстан	14,914,271	100%	14,914,271	100%
«Samruk-Green Energy» ЖШС	03.06.2011	Қазақстан	2,524,772	100%	2,524,772	100%
«Шардара СЭС» АҚ	28.05.2016	Қазақстан	7,573,640	100%	6,658,306	100%
«Ereumentau Wind Power» ЖШС	04.01.2008	Қазақстан	1,050,790	90%	1,050,790	90%
«Бұқтырма СЭС» АҚ	31.03.2014	Қазақстан	311,564	100%	299,565	100%
«Казгидротехэнерго» ЖШС	26.07.2011	Қазақстан	136,003	100%	136,003	100%
«Алматыэнергосбыт» ЖШС	16.03.2019	Қазақстан	52,998	100%	52,998	100%
Бірлескен кәсіпорындар және қауымдасқан компаниялар						
Forum Muider B.V.	23.12.2008	Нидерланды	41,759,543	50%	41,759,543	50%
«Екібастұз ГРЭС -2 станциясы» АҚ	04.01.2008	Қазақстан	8,725,133	50%	8,725,133	50%
«Энергия Семирежья» ЖШС	28.05.2016	Қазақстан	2,411,010	25%	2,411,010	25%
Құнсызданған инвестициялар						
«Балқаш ЖЭС» АҚ (Ескертпе 3)	24.06.2008	Қазақстан	32,085,280	100%	32,085,280	100%
«Samruk-Green Energy» ЖШС	13.06.2012	Қазақстан	5,684,653	100%	5,684,653	100%
«Шүлбі СЭС» АҚ	04.01.2008	Қазақстан	1,230,658	92.14%	1,230,658	92.14%
«Өскемен СЭС» АҚ	04.01.2008	Қазақстан	465,019	89.99%	465,019	89.99%
Шегергенде:						
Инвестициялардың құнсыздануы			(39,446,496)		(39,446,496)	
Барлық инвестициялар			546,798,958		548,148,318	

2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Компанияның бірлесіп бақыланатын мынадай кәсіпорындарында иелену үлесі бар:

- ЕГРЭС-2 ст. – 50%. Иеленудің қалған 50%-ы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ға тиесілі.
- Forum Muider – 50%. Иеленудің қалған 50%-ы UC RUSAL-ға тиесілі.

Инвестициялардың құнсыздануы

Құнсызданудың сыртқы және ішкі белгілерін талдау нәтижесінде Компания басшылығы талдау жүргізілген күні құнсыздану белгілері жоқ деген қорытындыға келді. Тиісінше, компания басшылығы 2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша осы еншілес компаниялардың негізгі құралдары мен материалдық емес активтерінің құнсыздануына тест жүргізбеуге шешім қабылдады (3-Ескертпе).

2020 жылдың бірінші жартыжылдығында Компания инвестиция бойынша құнсыздануды Тегіс Мұнайға қатысты 3,146,000 мың теңге сомасында деп есептеді.

6 Берілген қарыздар

Қазақстандық мың теңгемен	30 маусым 2021 ж.	31 желтоқсан 2020 ж.
Ұзақ мерзімді бөлім		
Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ға берілген қарыз	5,327,168	5,231,035
«Мойнақ СЭС» АҚ облигациялары	33,000,000	33,000,000
«МЭБК» АҚ облигациялары	508,126	686,610
«DSFK (ДСФК) арнаулы қаржылық компаниясы» ЖШС облигациялары	540,955	418,604
«Цеснабанк» АҚ облигациялары	26,556	24,909
Құнсыздану резерві шегерілгенде	(238,437)	(188,202)
Берілген қарыздардың жиынтығы – ұзақ мерзімді бөлім	39,164,368	39,172,956
Қысқа мерзімді бөлім		
«Шардара ГЭС» АҚ-ға берілген қарыз	950,000	950,000
«Алматы электр станциясы» АҚ-ға берілген қарыз	-	3,400,000
«Мойнақ СЭС» АҚ облигациялары	7,000,000	7,000,000
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-ға берілген қарыз	-	7,000,000
"Ereumentau Wind Power" ЖШС-ға берілген қаржылық көмек	2,338,131	-
«МЭБК» АҚ облигациялары	384,600	384,600
«Балқаш ЖЭС» АҚ-ға берілген қарыз	377,301	377,301
Берілген қарыздар бойынша есептелген сыйақылар	235,938	246,998
Облигациялар бойынша сыйақылар	167,151	182,055
«Өскемен СЭС» АҚ-ға берілген қаржылық көмек	30,390	30,390
«Т.И. Батуров атындағы Жамбыл ГРЭС» АҚ-ға берілген қарыздар	5,442	5,442
Құнсыздану резерві шегерілгенде	(592,050)	(583,640)
Берілген қарыздардың жиынтығы – қысқа мерзімді бөлім	10,896,903	18,993,146

Еншілес компанияларға берілген қарыздар мен қаржылай көмек

2021 жылғы қаңтарда "Алматы электр станциялары" АҚ өз қарызы бойынша 3,400,000 мың теңге сомасындағы негізгі қарызды мерзімінен бұрын өтеді.

2021 жылдың қаңтарында "Екібастұз ГРЭС 1" ЖШС 7,000,000 мың теңге сомасындағы негізгі қарызын мерзімінен бұрын өтеді.

2021 жылдың маусым айында Компания 12 ай мерзімге қаржылық көмек көрсетті. Қарыздың теңгерімдік құны 11,2% смөлшерлемені қолдана отырып дисконтталған ақша қаражатының болашақ ағындарының келтірілген құнын білдіреді. Бастапқы тану күніне қарыздың әділ құны мен оның номиналды құны арасындағы 261,871 мың теңге сомасындағы айырманың шамасы "Ereumentau Wind Power" ЖШС капиталына жарна ретінде танылды.

7 Өзге ұзақ мерзімді активтер

Қазақстандық мың теңгемен	30 маусым 2021 ж.	31 желтоқсан 2020 ж.
Еншілес компаниялардың сатып алушыларының берешегі	752,207	727,652
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС-ға ұсынылған қаржылық кепілдер бойынша қарыз	-	1,547,542
Қызметкерлердің өзге дебиторлық берешектері	71,133	71,814
Құнсыздану резервін шегергенде	(132,547)	(110,739)
Барлық өзге ұзақ мерзімді активтер	690,793	2,236,269

2021 жылғы 30 маусымдағы 752,207 мың теңге сомасындағы дебиторлық берешек "SK A" ішкі рейтингімен "Информ-Систем" ЖШС қаржылық берешегін білдіреді. 2021 жылғы 30 маусымға дебиторлық берешек құнсызданбаған және мерзімі өтпеген және толығымен теңгемен көрсетілген.

8 Басқа қысқа мерзімді активтер

Қазақстандық мың теңгемен	30 маусым 2021 ж.	31 желтоқсан 2020 ж.
Еншілес компаниялардың сатып алушыларының берешегі	9,296,268	9,022,234
«Тауба Invest» ЖШС дебиторлық берешегі	760,025	760,025
Қысқа мерзімді депозиттер	5,804	5,304
Алынуы тиіс дивидендтер	13,910,810	449
Құнсыздану резервін шегергенде	(1,972,166)	(1,360,055)
Барлық басқа қысқа мерзімді қаржылық активтер	22,000,741	8,427,957
Төленген аванстар	29,733	20,074
Басқалары	262,322	308,429
Барлық басқа қысқа мерзімді активтер	22,292,796	8,756,460

Дебиторлық берешек

Өзге қысқа мерзімді активтер негізінен 2017 жыл ішінде сатылған "ШҚ АЭК" АҚ акциялары үшін 9,239,481 мың теңге сомасында "Шығыс Қазақстан энергетикалық компаниясы" ЖШС (бұдан әрі-ШҚЭК) берешегін қамтиды.

2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Компания "Тауба Invest" ЖШС дебиторлық берешегінің құнсыздануына 100% резерв есептеді.

9 Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері

Қазақстандық мың теңгемен	30 маусым 2021 ж.	31 желтоқсан 2020 ж.
Банк шотындағы ақша қаражаты– теңге	447,014	526,439
Банк шотындағы ақша қаражаты– АҚШ доллары	11	12
Кассадағы ақша қаражаты	2,730	2,737
Банк шотындағы ақша қаражаты– еуро	580,854	516,304
3 айға дейінгі мерзімді депозиттердегі ақша қаражаты – теңге	140,000	550,000
Құнсыздану резервін шегергенде	(120)	(243)
Барлық ақша қаражаты және олардың эквиваленттері	1,170,489	1,595,249

10 Акционерлік капитал

2021 жылғы 30 маусымда шығарылған 5,601,812 жай акция 376,045,927 мың теңге мөлшерінде толық көлемде төленді (2020 жылғы 31 желтоқсан: 5,601,812 акция). Әрбір қарапайым акция бір дауыс құқығын береді. Компанияның артықшылықты акциялары жоқ. Жарияланған акциялар саны 8,602,187 құрайды. 2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша "Самұрық-Қазына" ҰОҚ компанияның 100% акционері болып табылады (2020 жыл: 100%).

2021 жылғы 12 сәуірде Компания Жалғыз акционерге 3,242,143 мың теңге - бір акция үшін 578.77 теңге мөлшерінде дивиденд төлейтіндігін жариялады (2020 жылғы 9 маусым: 3,066,231 мың теңге). 2021 жылғы 30 маусымда дивидендтер толық көлемде төленді.

11 Қарыздар

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	30 маусым 2021 ж.	31 желтоқсан 2020 ж.
Ұзақ мерзімді бөлім		
Ұзақ мерзімді банктік қарыздар	56,334,443	60,308,279
Самұрық –Қазынадан алынған қарыздар	65,595,251	65,293,870
Облигациялар	24,829,016	24,819,395
Барлық қарыздар - ұзақ мерзімді бөлім	146,758,710	150,421,544
Қысқа мерзімді бөлім		
Еншілес ұйымдардың қарыздары	24,153,703	38,411,690
Қысқа мерзімді банктік қарыздар	5,142,235	3,042,235
Самұрық–Қазынадан алынған қарыздар	2,381,109	2,381,109
Есептелген пайыздар – облигациялар	360,287	360,287
Есептелген пайыздар – банктік қарыздар	1,682,573	1,584,825
Есептелген пайыздар – Самұрық–Қазынадан және ЕТҰ-дан алынған қарыздар	215,369	212,878
Барлық қарыздар - қысқа мерзімді бөлім	33,935,276	45,993,024
Барлық қарыздар	180,693,986	196,414,568

12 Дивидендтер бойынша кірістер

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2021 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай	2020 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай	2021 ж. 30 маусымда аяқталған 3 ай	2020 ж. 30 маусымда аяқталған 3 ай
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	29,000,000	29,000,000	29,000,000	-
Forum Muider B.V	72,905	95,803	72,905	95,803
«Бұқтырма СЭС» АҚ	820,299	1,373,311	820,299	1,373,311
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	1,410,354	600,000	-	(416,790)
«Алматы электр станциялары» АҚ	852,741	610,921	852,741	-
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	504,551	407,518	-	407,518
«Energy Solutions Center» ЖШС	4,004	-	-	-
Дивидендтер бойынша барлық кіріс	32,664,854	32,087,553	30,745,945	1,459,842

13 Жалпы және әкімшілік шығыстар

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2021 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай	2020 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай	2021 ж. 30 маусымда аяқталған 3 ай	2020 ж. 30 маусымда аяқталған 3 ай
Еңбекақы және онымен байланысты шығыстар	1,553,904	1,293,899	776,929	572,064
Мамандандырылған кеңсе қызметтері	311,983	286,009	156,458	141,006
НҚ тозуы және МЕА амортизациясы	259,897	252,911	130,790	162,535
Салықтар	122,282	45,542	39,151	38,003
Ақпарат жүйелеріне қызмет көрсету шығыстары	60,896	75,181	30,448	42,008
Іссапар шығыстары	45,083	41,338	25,799	5,912
Консультациялық және басқа қызметтер	32,902	107,320	39,151	15,902
Персоналды оқыту және онымен байланысты шығыстар	25,065	14,859	11,317	3,963
Сақтандыру	24,059	19,683	10,866	10,294
Басқалары	262,116	295,096	154,332	136,625
Барлық жалпы және әкімшілік шығыстар	2,698,187	2,431,838	1,375,241	1,128,312

14 Қаржылық кіріс

Қазақстандық мың теңгемен	2021 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай	2020 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай	2021 ж. 30 маусымда аяқталған 3 ай	2020 ж. 30 маусымда аяқталған 3 ай
Қаржылық активтер бойынша дисконт амортизациясы	1,739,264	978,143	550,008	587,038
Облигациялар мен берілген қарыздар бойынша пайыздық кірістер	2,372,859	2,939,404	1,160,618	1,453,589
Банктік депозиттер бойынша пайыздық кірістер	31,149	59,027	11,016	25,135
Өзге	134,594	87,916	69,450	45,273
Барлық қаржылық кірістер	4,277,866	4,064,490	1,791,092	2,111,035

15 Қаржылық шығыстар

Қазақстандық мың теңгемен	2021 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай	2020 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай	2021 ж. 30 маусымда аяқталған 3 ай	2020 ж. 30 маусымда аяқталған 3 ай
Қарыздар мен облигациялар бойынша сыйақы шығыстары	6,849,793	6,754,700	3,494,649	3,353,527
Қарыздар мен қаржылай көмек бойынша келтірілген құн дисконтының амортизациясы	4,356,472	5,097,454	2,088,144	2,573,191
Қаржылық жалдау бойынша шығыстар	96,209	68,438	48,534	32,594
Өзге	175,900	26,253	-	7,664
Барлық қаржылық шығыстар	11,478,374	11,946,845	5,631,327	5,966,976

16 Табыс салығы

Табыс салығы депозиттер бойынша төлемнің дерек көзіне ұстайтын салықты білдіреді. Компанияда болашақта салық салынатын түсім күтілмейді.

17 Шартты және шарттық міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер

Төменде көрсетілген ақпараттан басқа, 2021 жылы 30 маусымдағы жағдай бойынша, 2020 жылы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашылған қандай да бір шартты және шарттық міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер болған жоқ.

Сот талқылаулары

2020 жылы "Транстелеком" АҚ "Самұрық-Энерго" АҚ-ның нысаналы (базалық) процестерін енгізу бойынша консультациялық қызметтер" сатып алу шарты бойынша нақты көрсетілген қызметтерді және келтірілген шығыстарды өндіріп алу туралы талап арыз берді. 2021 жылғы 3 ақпанда сот "Самұрық-Энерго" АҚ және "Транстелеком" АҚ арасында 2021 жылғы 2 ақпандағы жасалған медиативтік келісімді бекітті, оған сәйкес "Самұрық-Энерго" АҚ 2021 жылғы 8 ақпанда нақты орындалған жұмыс көлемі үшін 700,000 мың теңге мөлшеріндегі соманы төледі.

Өтімділік тәуекелі

2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша компанияның қысқа мерзімді міндеттемелері қысқа мерзімді активтерден 943,127 мың теңгеге асып түсті.

17 Шартты және шарттық міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер (жалғасы)

Компанияның таяу болашақта өз қызметін жалғастыру қабілетін бағалау кезінде мынадай факторлар қарастырылды:

- Топтың Қазақстанның энергия жүйесінің сенімділігін қамтамасыз ету үшін стратегиялық маңызы бар. Топ басшылығы мен акционерлерінің топы таратудың ниеті де, қажеттілігі де жоқ.
- Компанияның 24,546,586 мың теңге мөлшеріндегі ағымдағы міндеттемелері компанияның еншілес ұйымдары алдында тартылған қаржылық көмек және көрсетілген қызметтер бойынша берешекті білдіреді.
- 2021 жылғы 30 маусымға Компаниялар тобы бойынша "Қазақстан Халық Банкі" АҚ-дан жалпы сомасы 79.7 миллиард теңгеге, ал "Сбербанк России" АҚ ЕБ-дан жалпы сомасы 14 миллиард теңге және "ВТБ Банк" АҚ ЕБ-дан (Қазақстан) жалпы сомасы 6 миллиард теңге мөлшерінде алынатын жаңартылатын кредиттік желілер шеңберінде қолжетімді қаражаты бар.

Қарыздар бойынша ковенанттар.

Компанияның қарыздар мен облигациялар бойынша белгілі бір ковенанттары бар. Осы ковенанттарды орындамау Компания үшін қарыздар бойынша шығындардың өсуі мен дефолт жариялауды қоса алғанда, жағымсыз салдарларға әкелуі мүмкін. 2021 жылдың бірінші жартыжылдығындағы жағдай бойынша Компания қарыз ковенанттарының нормативтік мәндерін орындады.

Ұзақ мерзімді қаржылық кепілдіктер.

2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Компания «Шардара СЭС» АҚ еншілес компаниялары алған қарыздар бойынша кепілдіктерге ие. Бастапқы тану кезіндегі кепілдіктердің әділ құны кепілдіктермен қамтылған сомаларға пайыздық мөлшерлемені қолдану нәтижесінде алынған сома ретінде анықталды, бұл Компания қамтамасыз еткен несиені алған қарыз алушының сыйақы мөлшерлемесі мен Компания кепілдік бермеген жағдайда қолданылатын пайыздық мөлшерлеменің арасындағы айырмашылықты білдіреді. Кепілдік құны еншілес еншілес кәсіпорынға салынған инвестиция ретінде қарастырылады.

Қазақстандық мың теңгеммен	Ұзақ мерзімді қаржылық кепілдік		Кепілдікті міндеттемелердің сомасы		Кепілдің кезеңі		Кепіл бойынша бағалау мөлшерлемесі
	30 маусым 2021ж..	31 желтоқсан 2020 г.	30 маусым 2021ж..	31 желтоқсан 2020 г.	Кепілді шығару жылы	Кепілдің қолдану кезеңі	
Компания «Шардара СЭС» АҚ	1,188,159	1,272,264	19,819,545	21,235,227	2015 г.	13 лет	3%
Барлығы	1,188,159	1,272,264	19,819,545	21,235,227			

18 Қаржы құралдарының әділ құны**Әділ құнды бағалау**

Әділ құнды бағалау нәтижелері әділ құн иерархиясының деңгейлері бойынша былайша талданады және бөлінеді: (i) 1 – деңгейге ұқсас активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтардағы нарықтық баға белгіленімдері (түзетілмейтін) бойынша бағалар, (ii) 2-деңгейге-барлық пайдаланылатын Елеулі бастапқы деректер активтер немесе міндеттемелер үшін тікелей байқалатын бағалау модельдерінің көмегімен алынған бағалар жатады (т. Е., мысалы, бағалар) немесе жанама (яғни, мысалы, бағадан туынды) және (iii) бақыланатын нарықтық деректерге негізделмеген бағалар болып табылатын 3 деңгейдегі бағалар (яғни, бақыланбайтын бастапқы деректерге негізделген). Қаржы құралдарын әділ құн иерархиясында қандай да бір санатқа жатқызу кезінде басшылық пайымдауларды пайдаланады. Егер әділ құнды бағалауда Елеулі түзетуді талап ететін байқалатын деректер пайдаланылса, онда ол 3 деңгейге жатады. Пайдаланылатын деректердің маңыздылығы әділ құнды бағалаудың барлық жиынтығы үшін бағаланады.

Әділ құн иерархиясының 2 және 3 деңгейіндегі әділ құнды бағалау дисконтталған ақша ағындары моделінің көмегімен орындалды. Белсенді нарықта баға белгілеулері жоқ құбылмалы пайыздық ставкасы бар қаржы құралдарының әділ құны теңгерімдік құнға тең деп қабылданды. Белсенді нарықта баға белгілеулері жоқ тіркелген пайыздық ставкасы бар құралдардың әділ құны ұқсас кредиттік тәуекелді және өтеудің ұқсас мерзімін болжайтын жаңа құралдар үшін қарыз алу нарығында қолданыстағы пайыздық ставкаларды қолдана отырып дисконтталған ақша ағындарының моделіне негізделеді.

Қазақстандық мың теңгеммен	30 маусым 2021 ж.				30 желтоқсан 2020 ж.			
	1 деңгей	2 деңгей	3 деңгей	Баланстық құны	1 деңгей	2 деңгей	3 деңгей	Баланстық құны
Активтер								
Ақшалай қаржат және олардың эквиваленттері	-	1,170,489	-	1,170,489	-	1,595,249	-	1,595,249
Мерзімі белгіленген депозиттер	-	5,804	-	5,804	-	5,304	-	5,304
Қаржылық дебиторлық берешек	-	9,806,721	-	8,703,787	-	9,029,447	-	9,039,117
Алынатын дивиденділер	-	13,910,810	-	13,910,810	-	449	-	449
Еншілес ұйымдардың берілген кепілдік бойынша берешегі	-	-	-	-	-	1,659,976	-	1,547,542
Берілген қарыздар	-	49,748,351	-	50,061,271	-	57,869,854	-	58,166,102
Қызметкерлердің берешегі	-	71,133	-	71,133	-	71,814	-	71,814
Барлық қаржылық активтер	-	74,713,308	-	73,923,294	-	70,232,093	-	70,425,577
Міндеттемелер								
Қарыздар	-	177,288,166	-	180,693,986	-	196,732,177	-	196,414,568
Жалдау бойынша міндеттемелер	-	1,475,340	-	1,370,936	-	1,651,604	-	1,474,019
Берілген қаржылық кепілдер	-	919,029	-	1,188,159	-	1,120,906	-	1,272,264
Қаржылық кредиторлық берешек	-	443,673	-	443,673	-	1,196,077	-	1,196,077
Барлық қаржылық міндеттемелер	-	180,126,208	-	183,696,754	-	200,700,764	-	200,356,928

Амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін қаржылық активтер

Тіркелген пайыздық ставкасы бар құралдардың әділ бағалау құны ұқсас кредиттік тәуекелі бар жаңа құралдар үшін қолданыстағы пайыздық мөлшерлемелер бойынша дисконтталған және өтелгенге дейінгі мерзіммен алуға күтілетін бағалау ақша ағындарының сомалары негізінде айқындалады. Қолданылған дисконттау нормалары контрагенттің несиелік тәуекеліне байланысты.

Амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін қаржылық міндеттемелер

Тіркелген пайыздық мөлшерлемесі бар және белгіленген өтеу мерзімі бар, бірақ нарықтық баға белгіленімдері жоқ құралдардың әділ бағалау құны ұқсас кредиттік тәуекелі бар жаңа құралдар үшін қолданыстағы пайыздық мөлшерлемелер бойынша дисконтталған және өтеу мерзімі бар бағалау ақша ағындарын негізге ала отырып айқындалады.

19 Есепті күннен кейінгі оқиғалар

2021 жылғы 8 шілдеде Компания "Қазақстан Халық банкі" АҚ-да 1,000,000 мың теңге мөлшеріндегі қарызды ішінара өтеді.

2021 жылғы 23 шілдеде компания Еуропалық Қайта Құру және Даму Банкінің қарызы бойынша 1,521,117 мың теңге мөлшерінде кезекті траншты төледі.

2021 жылғы 27 шілдеде кредиттік желі шеңберінде Сбербанк АҚ ЕБ-нен 3 ай мерзімге 10.4% пайыздық мөлшерлемен 850,000 мың теңге сомасында қарыз алынды.

20 Бір акцияның баланстық құны

Бір акцияның баланстық құны

«Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі - «ҚҚБ») Биржалық кеңесінің 2010 жылдың 4 қазанындағы шешіміне сәйкес, қаржылық есептілікте ҚҚБ бекіткен қағидаларға сәйкес есептелген есептік күнге бір акцияның (жай және артықшылықты) баланстық құны туралы мәліметтер болуы керек.

Төменде бір акцияның баланстық құнын есептеу кестесі берілген:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	30 маусым 2021 ж.	30 желтоқсан 2020 ж.
Барлық активтер	623,188,696	621,293,694
Шегергенде: материалдық емес активтер	(571,506)	(636,073)
Шегергенде: міндеттемелер жиынтығы	(184,294,904)	(201,001,211)
Жай акцияларға арналған таза активтер	438,322,286	419,656,410
Есепті күнгі жай акциялардың саны	5,601,812	5,601,812
Бір акцияның баланстық құны, тенге	78,247	74,914